

FTAMP 15.81.99

DOI 10.59941/2960-0642-2025-2-164-179

Бастауыш сынып оқушылары арасында позитивті қарым-қатынасты қалыптастыруда «Blended learning» технологиясы

Г.К. Ахметова¹, Л.А. Бутабаева², А.Н. Умирбекова^{*3}, А.Ж.Шокпаров⁴

^{1,3} Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

²Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Астана қ., Қазақстан Республикасы

⁴Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

*umirbekova.akerke@list.ru



Аңдатпа. Берілген ғылыми зерттеуде бастауыш сынып оқушыларының арасында позитивті қарым-қатынас қалыптастыруда «Blended learning» технологиясының мүмкіндіктерін инклюзивті білім беру жағдайына қатысты қарастырылған. Зерттеу кезінде біз «Blended learning» ұғымына жан-жақты анықтама беріп, технология ретіндегі тиімді моделдерінің (аралас модель, икемді модель, қосымша модель, онлайн-тәжірибе моделі, «Blended learning» таксаномиясы) теориялық және қолданбалы негіздері қарастырылды. Бастауыш мектеп деңгейінде қолайлы және қолжетімді орта құру кезіндегі «Blended learning» технологиясының негізгі ұстанымдарының әсері мен негізгі білім орта шарты ретіндегі мүмкіндіктері қарастырылған. Зерттеу барысында бастауыш сынып оқушылары арасындағы позитивті қарым-қатынас ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар аспектісінде қарастырылды. Оның негізінде зерттеу келесі бағытты қамтыды, қажетті шарттар мен талаптарды ұстану қажеттілігі болды, ол балалардың психологиялық және жеке ерекшеліктеріне сәйкес орын алды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің арасында білім беру ортасында ерекше білім қажеттілігі бар балаларға қатынасы (ерекше білім қажеттілігі бар балаларға сезімдерін, қарым-қатынас тәжірибесін, қарым-қатынас қиындықтарын, түсіну мен қабылдау ерекшеліктерін, жағдайы) зерттелінді. Зерттеу бастауыш сынып оқушылары арасында арнайы сурет салу әдістемелері арқылы, ал бастауыш сынып мұғалімдері арасында сауалнама google форма көмегімен жүргізілді. Зерттеуге 108 бастауыш сынып мұғалімі мен 17 бастауыш сынып оқушысы қатысты. Зерттеу нәтижелері сандық және сапалық негізде талданып, зерттеу нәтижелері бойынша нақты тұжырымдар ұсынылды.



Keywords: Кілтіті сөздер: «Blended learning» технологиясы, бастауыш сынып оқушысы, позитивті қарым-қатынас, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, қолжетімді орта.

99 Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Ахметова, Г.К., Бутабаева, Л.А., Умирбекова, А.Н., Шокпаров А.Ж. Бастауыш сынып оқушылары арасында позитивті қарым-қатынасты қалыптастыруда «Blended learning» технологиясы [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – №2. – Б. 164-179.

Кіріспе

Позитивті қатынастың бала дамуына әсері зор. Оның белгілі бір деңгейде баланың әлеуметтік дамуына, академиялық үлгеріміне, жалпы көңіл-күйіне, эмоционалдық дамуына әсер етеді. Достық қарым – қатынас баланың бір ортаға кірігуіне, сол ортаға үнемі келуге ынтыласын жоғарылатуға, көптеген тапсырмаларды бірлесіп орындауға ұмтылысын жоғарылатады. Балалар бойында әлеуметтік қарым-қатынасқа деген ынтыласын қолдап, жағымды қатынасты моделдеуге, әлеуметтік ортада мәселе шешімін табу дағдыларын қалыптастыру, түрлі деңгейлі қарым – қатынас орнатуға демеу көрсету, бүгінгі уақытта белсенділік танытатын онлайн байланысты орнату мүмкіндіктеріне қолдау көрсетуден көрініс табады. Осы негізде позитивті қарым-қатынас тікелей оқушылардың әлеуметтік, эмоционалдық және академиялық негізде дамуында жайлы орта қалыптастыруға әсері үлкен екенін айқын көреміз.

Тұлға дамуы мен қалыптасуы тікелей әлеуметтік орта негізінде сапалы іске асатыны белгілі, осы негізде мемлекеттік білім беру стандартында балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту, яғни сөйлеу дағдысы, сөздік қор жинау, қарым-қатынас дағдысын, ұжымда бірлескен іс-әрекетке даярлығын дамыту барысында барлық жеке ерекшеліктер мен қажеттіліктерді ескеру арқылы қолжетімділікті қамту қажеттілігі айқын көрсетілген. Сонымен қатар, қалыптасқан коммуникативтік дағдылар болашақта балаға дыбыс мәдениетін қалыптастыру, талдау, қолданбалы сөздік қорын жинақтау, қарым-қатынасты құру мәдениетін меңгеруге, өз елінің дәстүрімен танысып және оны танытуға мүмкіндігінің болуы, әлеуметтік

ортада өзін толыққанды еркін сезінуге жағдай жасайды. Баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық саулығы мен қауіпсіздігі дамытушы ортада жағымды қарым-қатынас орнату мен сапалы білім қолжетімділігін қамтамасыз етуден көрінеді деп көрсетілген [1].

Елбасы өз жолдауында берік, сапалы және инклюзивті мәдениеті жоғары даму бағдарына көшу үшін, жаңа мазмұндағы тұжырымдаманы іске асыру қажеттілігін көрсетеді. Қоғам дамуына әсер етуші басты тетіктердің мазмұнын қайта қарау, дамудың жаңа мақсат-міндеттерін айқындау маңызын, еліміздің Ұлттық даму жоспарында атап айтқан [2].

Бастауыш сынып оқушыларының оқу ортасын қауіпсіз, сапалы негізде құру маңыздылығы айқын, оған бірінші кезекте балалар арасындағы позитивті қарым-қатынасты қалыптастыру, екінші кезекте заманауи талаптарға сай инновациялық тәсілдемені қолдану тиімділігінің әсері жоғары екенін ескерсек, зерттеу мәселесінің өзектілігін көруге болады.

Бүгінде заманауи білім беру жүйесін жаһандандыру өзекті мәселелердің бірі, соның қатарында «Blended learning» технологиясы. Берілген зерттеуге қатысқан барлық білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, жеке қажеттілігін ескеріп қолжетімді, қолайлы және жайлы орта құру қарастырылады. Оның басты негізіндегі позитивті қарым-қатынасты қалыптастыру, оны тиімді ұйымдастыруды аралас оқыту арқылы іске асыру, заманауи білім беру тәсілдемесіне қойылатын басты талаптарды қанағаттандырады. Ғылыми-техникалық даму жағдайында білім беру жүйесі оқытуды тиімді ету әдістері туралы зерттеулер мен сандық техноло-

гияларды ендіру міндеттерін қарастыру мәселесі аса жоғары.

Бастауыш сыныпта оқыту негізінен пәнаралық интеграцияға негізделгендіктен, жеке дара ерекшеліктерін ескеріп ұйымдастырылған білім беру білім алушылардың ынтасын, оқу белсенділігін арттырып, оқу мазмұныны жеке қажеттіліктер мен қызығушылықтарды ескеріп бейімдеуге жағдай жасайды. Осы орайда, «Blended learning» технологиясы жан-жақтылықты қамтамасыз етеді. Дәстүрлі сынып оқыту қарқынын және үдерісті басқаруға мүмкіндік беріп, ал онлайн негізде оқыту оқушыларға жеке дара және икемді амалды қолдану мен жеке дербестігін қамтамасыз етуге зор ықпал ететіндігін, осы негізде сыныпты аралас форматта ұйымдастыру, түрлі форматтағы оқыту түрінің артықшылықтарын тәжірибеде тиімді қолдануға мүмкіндік беретінін автор өз зерттеуінде көрсеткен [3].

Қарым-қатынас жүйесі ретінде позиция, баланы жан-жақты қырынан көрсетуге, ішкі және сыртқы, объективті және субъективті, аса қажет және әлеуеті жетерлік, әлеуметтік және психологиялық негізде көрсетуге мүмкіндік береді. Бақыт категориясының сипаттамалық негіздерін көрсетеді, бақыт өмірмен қанағаттану деңгейінен, бақыт баланың өмірлік позициясы ретінде, бақыт мән, құндылық, ереже енген негізгі қарым – қатынастың басым бағытын құрайды [4]. Яғни, позитивті, жеке, баланың өзі дағдыланған, басым, саналы, құндылық қатынас, мәнді түсіну, құндылықтар мен ережелерді қабылдау, сезімтал қарым – қатынас көріністерінің анықталуы бақытты бала позициясы жүйесін құрайды. Позитивті қарым – қатынасты құруда бақытты баланы тәрбиелеу маңызы зор. Осы негізде, позитивті қарым – қатынас және бақытты бала позициясы категориялары бір мағынада қолданылады, бірінші кезекте бала өмірінің құрылымдық, білім алу өмір стиліне назар берілсе, ал екіншісі қуанышты, эмоциялық бақытты сәттерді сипаттаушы баланың өмірлік жағдаяттар жүйесін көрсетеді. Осы негізде, позитивті қарым – қатынас педагогтың кәсіби іс-әрекетінің мақсаты – құндылық бағдарын көрсетсе, ал

бақытты бала позициясы бастауыш сынып оқушысының жаңа түзілімдерін жеке және тұлғалық негізде бағалауға мүмкіндік береді. «Blended learning» технологиясы педагогтың кәсіби іс-әрекеті негізінде көрінеді. Бастауыш сынып оқушылары арасында позитивті қарым-қатынасты «Blended learning» технологиясы арқылы іске асыру көрсеткіші бақытты бала позициясымен сипатталады.

«Blended learning» басты тұжырымдамасы – онлайн оқыту мен дәстүрлі оқыту түрлерінің барлық элементтерін үйлесімділікте қолдану. Бұл технология біздің зерттеуімізге сәйкес, бастауыш сынып оқушыларына түрлі инновациялық әдістер арқылы білім алып, қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік беріп, бала мен техниканың тиімді, қолжетімді өзара әрекеттестігі ерекшеліктерін зерттеуге жағдай жасайды.

Blended learning (аралас оқыту) – негізгі екі ұғым қосындысынан құралған, дәстүрлі және таратылған оқыту. Оның бірігетін тұсы бұл бірлесіп оқыту технологиясы негізінде іске асады. Зерттеулерге сәйкес ғалымдар өздері аралас оқытудың білім беру жағдаяты (дәстүрлі оқыту, яғни аудиториядағы білім алу үдерісі), технология (электронды оқыту, яғни сандық оқыту технологиялары арқылы оқу), дербес оқу (мұғалім қатысынсыз оқу) компоненттерінен тұратын әмбебап формуласын ұсынған [5].

Blended learning басты ерекшелігі онлайн және офлайн оқыту түрінің үйлесімді түрде білім беру үдерісін ұйымдастыруға әсері, оның барысында ұйымдастырушылық және дидактикалық компоненттің айқын болуы, ол дәстүрлі және электрондық компоненттердің өзара әрекеттесу тәсілдері мен ауысу ретін анықтаса, сонымен қатар мұғалімнің кәсіби әрекетінің айқын сипатын көрсетеді. Мұғалім оқу үдерісінің интеграциялық мазмұнын анықтап, әр оқушының іс-әрекетіне жоспарлы түрде қолдау көрсету жұмысын тиімді ұйымдастыра алады [6]. Blended learning технологиясы біздің зерттеуімізге қатысты жоғары деңгейдегі икемді модель дей келе, бұл жеке оқушыға нақты бағдарланған

оқыту әдісі екенін нақты әдісінің айқын көрінісі. Ғалымдар пікірінше, аралас оқыту құрастырушы автордан, мұғалімнен, оқушыдан, әдістен, технологиядан тұрады. Бұл жерде автор, оқу мазмұнын құраушы маман, ол әр қатысушының негізгі рөлін анықтайды, аралас оқыту оқушылар арасындағы позитивті қарым-қатынасты нығайтуға тікелей әсері бар, мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді байланысты құруға тікелей әсер етеді [7].

Осы орайда, біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты – бастауыш сынып оқушылары арасында позитивті қарым-қатынасты қалыптастыруда «Blended learning» технологиясын қолдану тиімділігін анықтау. Мақсатты іске асыруда келесідей негізгі міндеттер орындалады: «Blended learning» технологиясының бастауыш сынып оқушыларын дамытуда тиімділігін негіздеу, негізгі қолданылатын ұтымды модельдерін анықтау, «Blended learning» технологиясының бастауыш сынып оқушылары арасында позитивті қарым-қатынасты қалыптастырудағы әсерін зерделеу.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми зерттеу кезінде теориялық ғылыми негіздерді анықтау үшін «Blended learning» технологиясын қолдану модельдеріне талдау, саралау, салыстыру жүргізілді. Негізгі ұғымдары анықталып, зерттеу мәселесіне сай тұжырымдалды. Зерттеудің қолданбалы негізін анықтауда бастауыш сынып мұғалімдері мен бастауыш сынып оқушылары арасында зерттеу жүргізілді. Бұл зерттеу google форма арқылы жүрді, зерттеуге 108 бастауыш сынып мұғалімі мен 17 бастауыш сынып оқушысы қатысты.

Зерттеу кезіндегі бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған сауалнама 6 сұрақтан тұрды:

- 1) Ерекше білім қажеттілігі бар баланы өміріңізде кездестіргенсіз бе?
- 2) Сіз оларға қандай сезімдесіз?
- 3) Сізде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен қарым-қатынас тәжірибесі бар ма, ол қандай жағдайда болды?

4) Қарым-қатынас кезінде қандай қиындық сезіндіңіз, бұл қиындықтардың сипаты қандай еді?

5) Сіздің ойыңызша, қоғам дамуында ерекше білім беруді қажет ететін баланы түсіну мен қабылдау неге байланысты?

6) Білім беру жүйесінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға толық жағдай жасалған ба?

Ал бастауыш сынып оқушылары арасында келесідей зерттеу әдістері қолданылды, алдымен балалардың жеке құжаттарына саралау және талдау, сурет салу әдістемелері (Үй-адам-ағаш сурет салу әдістемесі, «Менің сүйікті сыныбым» сурет салу әдістемесі, «Туған күн» атты социометриялық сынама) қолданылды. Бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушылары арасында жүргізілген зерттеу тек анықтау деңгейінде өтті. Зерттеу мақсаты – жалпы білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке психологиялық көрсеткіштерін және ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен олардың құрдастары арасындағы мотивациялық, танымдық, мінез-құлықтық деңгейін анықтау. Зерттеу кезінде «Blended learning» технологиясы арқылы ұйымдастырылған оқу үдерісі, бастауыш сынып оқушыларының арасындағы позитивті қатынасты қалыптастырудың басты шарты ретінде алынды. Сауалнама мен әдістемелердің нәтижесінде алынған пайыздық және сипаттамалық көрсеткіштер талданып көрсетілді. Яғни, бұл мақала зерттеу деңгейінде педагогикалық эксперименттің алғашқы анықтау деңгейі жүргізіліп, болашақ қалыптастыру экспериментін тиімді жүргізудің негізгі алғышарттары анықталды. Осы негізде, қалыпты жағдайға өзгеріс енгізуде ескерілетін «Blended learning» технологиясының басты мүмкіндіктері айқындалып болашақ қалыптастыру деңгейінің бағдарын береді. Зерттеу тек анықтау мақсатымен жүргізілгендіктен, орта әсері мен тиімділігі бойынша нәтижелерге еш статистикалық әдістер қолданылмады. Анықтау деңгейі нәтижелері сипаттамалық түрде көрсетіліп, жеке тұжырымдар берілді.

Нәтижелер

Сандық технологияларды инклюзивті білім беруде қолдану тиімділігі олардың цифрлық құралдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кешенін қамтуымен түсіндіріледі. Бұл технологиялар білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделген оқыту ортасын құруға, оқу үдерісін дараландыруға және қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру ортасын техникалық құралдар және бағдарламалық негізде қамтамасыз ету, белгілі деңгейде оқу материалдарын қабылдау деңгейін қолайлы етіп, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім беру үдерісіне тең дәрежеде қатысуына жағдай жасайды [8,9].

Инклюзивті білім беру ортасын бейімдеу мен қолжетімді сандық технологиялармен қамтамасыз ету, қозғалыс, сезімталдық, мінез-құлық бұзылыстары бар балалар үшін біршама кедергілерді жойып, кіріктірілген оқыту шарттарын орындауға, өз құрдастарымен позитивті қарым-қатынас құруға әсер етеді. Инклюзивті білім беру ортасының маңызды міндеттемелерін шешуде, заманауи технологиялар жаттығу мен көптеген өтілген материалдарды қайталауға мүмкіндік береді. Сандық технологиялар ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін материалды бейімдеп тиімді ұсынуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру ортасына жағдай жасауда көмек беріп, қарым-қатынас құралдарын кеңейтуге жағдай жасайды. Бүгінде тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалар үшін арнайы пернетақталар құрастырылған, олардың батырмалары сезімтал және арнайы жасақталған [10,11]. Инновациялық технологиялардың басым көпшілігі инклюзивті білім беру ортасын кіріктірілген, қолжетімді етуге, оқу-тәрбие үдерісін дербестендіруге, білім беру үдерісін қолданбалы етуге, қарым-қатынасты белсенді етуге, білім беру ортасының ашықтығын, бала дамуына тікелей әсер ету құралдары

рын қамтуға мүмкіндік береді. Соның бірі біздің жағдайымызда «Blended learning» технологиясы нақты инклюзивті білім беру ортасын толық қамтуға әсер етеді.

«Blended learning» технологиясы көптеген зерттеушілердің зерттеу нәтижелеріне сай түрлі модельдерден тұрады, оның бірі бес құрылымдық блоктан тұратын формасы:

- мұғалім басшылығымен жүргізілетін дәстүрлі оқыту формасы, оқушылар сабаққа қатысады, оны ұйымдастыру кезінде мұғалім оқу материалын ұсынады, бұл ретте өзара әрекеттестік, тәжірибедегі оқыту жоқтың қасы;
- жеке ынтымақтастық, оқушыларды сыныптағы бірлескен іс-әрекетке қатысуға шақырады;
- мұғалім басшылығымен онлайн оқыту, бұл кезде оқыту үдерісі онлайн режимде іске асады, ол кезде мұғалім бағалау әрекетін іске асырады, мұғалім – оқушы, оқушы – оқушы арасындағы қарым-қатынас барлық оқыту жүйесі барысында үздіксіз іске асады;
- онлайн ынтымақтастық, оқушыларды онлайн оқыту іс-әрекетіне қатысуға ынталандырады;
- оқушының өз қарқынына сәйкес оқыту, ол өз деңгейінде, өзіне ыңғайлы кеңістікте және өзіне ыңғайлы уақытта оқыту.

Сондай-ақ зерттеушілермен төңкерілген модель ұсынылған, оқушыларға алдын-ала әзірленген материалдар ұсынылады, дайындық сабақтан тыс онлайн негізде іске асып, мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жоғары деңгейде қолдану, ынтымақтастықты арттыру, қиындықтарды шешу, оқуға қажетті басқару іс-әрекеттері іске асады;

Аралас модель оқу материалының берілуінде практикалық тапсырмалар офлайн және онлайн арқылы іске асады;

Икемді модель практикалық тапсырмалар мен оқу мазмұны онлайн оқыту фор-


масы арқылы беріледі, бірақ оқушылар дәстүрлі сабақ формасына қатысады, өзгерістерді зерттеп, оқыту үдерісінде кері байланыс алу үшін түрлі тапсырмалары бар онлайн оқыту ұйымдастырылады, ол түрлі форматта (видео көру, кітап оқу, онлайн талқылауға қатысу, жаттығулар шешімін табу) барысында іске асады. Мұғалімдер оқушылар үшін өзіндік шамасына, ерекшелігіне сәйкес өз қарқынымен оқу, оқушылар сыныпта оқу мәселелерін шешу үшін жиі кездеседі;

Қосымша модель білім мен практикалық оқытуда дәстүрлі формада жүреді, деген-

мен оқушылардың онлайн оқытуға қатысты қызығушылығы артады;

Онлайн – тәжірибе моделі оқушыларға көп тәжірибеден өтуге көмектеседі және міндеттемелерді онлайн түрде орындап, бірден кері байланыс алу мүмкіндігін береді.

Сонымен қатар оқытудың алты құрылымнан тұратын моделі ұсынылған. Бұл модельде оқушылардың оқу тиімділігі артады, мұғалімдер түрлі әдістерді қолдануға мүмкіндік алады.



1 - сурет. «Blended learning» технологиясының таксономиясы

Ескерту: [12] дереккөзіне сәйкес авторлармен құрастырылған.

«Blended learning» (дәстүрлі офлайн оқыту, онлайн оқыту) негізгі төрт бағытта, төрт түрлі модельге сәйкес жүреді. Бірінші модель, айналмалы модель, ол негізгі төрт бағытқа бөлінеді, оқу бекеттері арқылы айналмалы модель, зертханалық айналмалы модель, төңкерілген сынып моделі, жекелендірілген айналмалы модель. Жалпы айналмалы ұғымының мәні, іс-әрекеттерді алма кезек қолдану, онлайн форматта жүретін әрекеттерді офлайн формаға ауыстырудан тұрады. Екінші модель, икемділік моделі, іс-әрекет түрлеріне белгілі бір уақытпен шектеу жоқ екенін көрсетеді, ол да іс-әрекеттер орнын алмастырудан тұрады, айырмашылығы уақыт шексіздігінде. Үшінші модель, бұл дербес оқу іс-әрекеті, яғни нақты аудиторияға берілген уақыттан тыс онлайн форматта білімді игеруден тұрады. Төртінші модель, толықтырылған виртуалды модель, онлайн оқу платформаларында оқу курстарын игеру, игерілген білім бойынша қосымша мұғалімнен кеңес алу, бұл модельге сай күнделікті оқу орнына келу қажеттілігі жоқ [12].

Зерттеудің бірінші мәселесін шешуде, үш сурет салу әдістемесі пайдаланылды. «Үй-ағаш-адам» әдістемесі баланың қоршаған ортада жағымды қатынас деңгейін сипаттауға мүмкіндік береді. «Туған күн» социометрия сынамасы қарым-қатынас ортасындағы маңызды қарым-қатынас қажеттілігін, «Менің сүйікті сыныбым» әдістемесі қоршаған ортаға позитивті қатынас пен эмоционалды жайлылық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушылары арасында сурет салу әдістемесін қолданудың тиімділігі, толыққанды ақпарат алуға тікелей әсері бар. Зерттеуімізге қатысқан 17 бастауыш сынып оқушысы арасында зиятында, тірек-қимыл аппаратында, сөйлеуінде зақымданулары бар оқушылар болды. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар арасында зерттеу жүргізу кезінде, қажетті шарттар мен талаптарды ұстану қажеттілігі болды, ол балалардың психологиялық және жеке ерекшеліктеріне сәйкес орын алды. Әдістемені орындау кезінде уақыт шектеуі қойылған жоқ, әр бала өз қажеттілігіне сай орындап шықты.


Біз «Үй-ағаш-адам» әдістемесінің нәтижелерін өңдеу кезінде, тұлғалық, эмоционалды, әлеуметтік мәселелері бойынша қарастырдық. Оның барысында суреттің жеке элементтеріне назар бөлінді. Бірінші кезекте балада тиянақтылық бар ма, бала сурет салу кеңістігін қандай деңгейде пайдаланған, сурет салу кезіндегі штрих шамасына назар бөлінді. Сурет салу бетінің бір бұрышына, сурет сызығының тұтас емес, әлсіз басылған немесе шамадан тыс боялған суреттерді біз өз-өзіне деген сенімсіздік, оқу ортасындағы жайсыздық, өзін жайлы сезінбеу деп қабылдадық. Яғни, әр баланың суреті оның жеке психологиялық және эмоционалды күйінің көрінісі ретінде қарастырылды. Сонымен қатар бұл әдістеме интерпретациясы кезінде маңызды құрамдас бөліктердің (үй, ағаш, адам) болмауы, керісінше көптеген артық құрамдас бөліктерге назар бөлу тұстары да қарастырылды.

«Туған күн» социометриялық сынамада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың өзге құрдастарымен қарым-қатынас деңгейін анықтауға арналды. Зерттеу кезінде әр балаға туған күн иесінің рөлін ойнау ұсынылды, алдымен туған күн туралы сұхбат жүргізіліп, содан соң туған күн суреті салынды, ол кезде дастархан, туған күн тәттісі, жасына сәйкес шамшырақ саны көрсетілді. Содан соң дастархан айналасына орындықтар суреттері салынды, балаға дастархандағы өз орнын таңдау ұсынылды. Балаға үлкен немесе кіші орындықты таңдауға мүмкіндік берілді, орындықтарды гүл немесе жұлдызшамен ерекшелеу ұсынылды, ол қыз немесе ұл жыныстық ерекшелігін көрсетуге арналды. Содан соң балаға өз жанына қалаған адамдарды отырғызу ұсынылды. Бала адамдарды отырғызған орындықтарға есімдер жазылады, одан соң баладан бос орындарға тағы отыратын адамдар бар ма деп нақтылап алып, егер жоқ болса орындықтар сызып тасталынады. Баланың жауабына қарай біз оның қарым-қатынас қажеттілігін анықтаймыз. Егер бала барлық қонақ орындықтарын толтырған болса, онда қосымша орындық қосу қажеттілігі бар ма деп сұралады.


Әдістемелер жүргізілген соң, нәтижелер келесі көрсеткіштерге сай талданды. Қарым-қатынас қажеттілігі, қарым-қатынас қажеттілігінің эмоционалдылығы, әлеуметтік қоршаған ортаның маңызы. Баланың өзін көрсеткен орны да өз деңгейінде бағаланды. Егер бала үлкен орындықты таңдаса, бұл оның бойында көшбасшылық қасиеттердің бар екенінің көрсеткіші болса, шағын орындықты таңдауы – өз-өзіне деген сенімсіздіктің көрінісі ретінде бағаланады. Сонымен қатар, жұлдызша мен гүл бейнелерін таңдауы баланың жыныстық сәйкестік ерекшеліктерін айқындайтын таңбалық мәнге ие.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың бір бөлігі кең әлеуметтік ортада қарым-қатынас қажеттілігі бар екенін көрсетті (32%). Бұл балалар барлық орындықтарды адамдарға толтырып, қосымша орындықтар қосуды сұрады. Орындықтар арасына қосымша орындық суретін салып, естеріне адамдарды түсіріп өз жанына отырғызуға тырысты (10%). Балалардың басым көпшілігі шектеулі қарым-қатынас ортасын таңдады, олардың орындық таңдауы 4 адамнан аспады. Сондай-ақ балалар өзге орындықтарды сызып тастады (58%). Қарым-қатынас қажеттілігін түсіне


алмаған, оның қажеттілігін білмейтін балалар орындықтарға өз ойыншықтарын, жануарларын отырғызды. Ол шамамен 5%-ды құрады. 100 % есеппен алғанда балалардың басым көпшілігі, яғни 78 % көшбасшылық танытпады, олардың таңдауы кіші орындыққа түсті. Баланың эмоционалды қатынас қажеттілігі өзінің жанына отырғызған адаммен анықталды, балалардың басым көпшілігі өз ата-аналарын (48 %), ата мен әжесін отырғызғандар 20 %-і, бір жағына ата-анасының бірін, екінші жағына бауырларының бірін отырғызғандар саны 30 %-тен асты, ал сыныптастары мен құрдастарын дастархан басына отырғызған оқушылар 8 %-і құрады. Ал сөйлесу, яғни тілдесу қарым-қатынас деңгейі ересектерге сай басымдық көрсетті (68 %), өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу деңгейі 32 %. Қарым-қатынасқа түсу ортасында жақын аймақ ретінде жақын ересектер таңдап алынған (78%), одан кейін үйдің айналасындағы туыс және көршілер (13%), үшінші кезекте сыныптастары (10%). Пайыздық көрсеткіштер айқын сипатталуы үшін келесі суреттерде көрсетілген. Қарым – қатынас қажеттілігі 2 – сурет, қарым – қатынас кезіндегі басымдық беру 3 – сурет, маңызды қарым – қатынас ортасы 4 – сурет.



2 - сурет. Қарым – қатынас қажеттілігінің көрсеткіші



3 - сурет. Қарым – қатынас кезіндегі басымдық беру көрсеткіші



4 - сурет. Қарым – қатынас ортасының көрсеткіші

Анықтау деңгейі барысында алынған нәтижелерден көретініміз, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың басым көпшілігі қарым – қатынасқа ашық дегенмен ол өз жақындарының, жақын ересек адамдар ортасын қолайлы деп таныған. Мектеп, сынып ортасы балалар үшін жайлы орта ретінде төмен деңгейде. Осы негізде балаларда өз сыныптастарымен қарым-қатынас кезінде қиындықтар бар деп есептей аламыз.

«Менің сүйікті сыныбым» әдістемесін қолдану кезінде, балаға сыныптағы бір күнді сипаттау ұсынылған. Сұрақ туындау кезінде балаға сурет салу ережесі түсіндірілді, бірақ қосымша түсіндірмелі жұмыстар жүргізілмеді. Сурет салу кезінде уақытпен шектеу қойылмады, тапсырманы түсініп, бірақ сурет салудан бас тартқан балалар үшін сынып ортасы жағымсыз, яғни жайлы емес деп қабылданды. Балалар сурет салу кезінде бірізділік, салынған суретті

бірнеше рет өшіру, үзіліс, эмоционалды әсерлері есепке алынды. Сурет аяқталған кезде балаға суреттегі кім, қай жер суреттелген, суреттегі адамдардың көңіл-күйі қандай, суреттегі бала орны мен оның әрекеті нақтыланатын сұрақтар қойылды. Суреттегі қаламдардың түстеріне назар бөлінді. Қызыл, жасыл, сары жағымды, қара, қоңыр, сұр түстер – жағымсыз эмоция.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың позитивті қатынасы суреттегі мұғалім, сыныптастары мен өзінің бейнесіне қарай талданды. Суреттерді жүйелеу үшін оқу үдерісінің әр субъектісінің болуы есепке алынды. Суреттердегі пайыздық көрсеткіштер бойынша, ерекше білім беруді қажет ететін балалар – Б, сыныптастар – С, мұғалім – М деп белгілеп алынып, келесідей түрде кесте ретінде сипатталды (1-кесте).

1-кесте. Педагогикалық орта субъектілерінің суреттегі көрсеткіші


Субъектілер	Б+С+М	Б+С	Б+М	Б	С+М	С	М	Жаны жоқ заттар
Пайыздық көрсеткіш								

Кесте нәтижелерінен біз ерекше білім беруді қажет ететін балалардың эмоционалды жайлылығы төмен екенін көреміз.

Зерттеу жүргізілген бастауыш сынып мұғалімдеріне арнайы дайындалған сұрақтар бойынша сұхбаттасу жүргізілді. Ол сұрақтар әлеуметтік сенімді, әлеуметтік сенімсіз бағытында ортадағы жағдайына байланысты жүрді. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар сыныптастарымен ұжымда өздерін қалай ұстайды? Кикілжің жағдайларын шешу кезінде өздерін қалай ұстайды, кей ұсыныстарға жоқ деп жауап бере алады ма? Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сыныптағы жағдайы қалай көрінеді, белсенді, белсенді емес, көмек қажет, көмек қажет емес? Сыныптастарының ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қатынасы қандай? Өздерін көшбасшы ретінде ұстайды ма?

Мұғалімдермен жүргізілген сұхбаттан байқағанымыз ерекше білім беруді қажет ететін балаларда әлеуметтік байланыс құруда қиындықтар бар, олардың

жаңа ортаға бейімделуінде қиындықтар бар. Көптеген жағдайларға байланысты сенімсіз, белсенділігі төмен. Сыныптың белсенді өміріне жиі қатынасын көреміз. Көп жағдайда мұғалімдер өздері де балаларға белгілі деңгейде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін шектеу қоятынын көрсетті. Сонымен қатар мұғалімдер балалардың сәтсіздіктен қорқуын, яғни сәтсіз жағдайлардан кейін белсенділігі төмендеп, оқшаулануға бейім екенін танытқан. Бұл екі бағыттағы анықтау деңгейінде жүргізілген зерттеулер болашақ зерттеулерге негіз бола алады. Бастауыш сынып мұғалімдері арасында жалпы сауалнама жүргізілді, сауалнаманың мақсаты белгілі деңгейдегі инклюзивті орта туралы білімі мен таныстық деңгейін анықтау үшін ұйымдастырылды. Зерттеу барысында келесідей сұрақтарға жауап алынды, зерттеуге қатысқан 108 бастауыш сынып мұғалімі арасында жүргізілді. Бастауыш сынып мұғалімдерінен алынған сұрақтар әдістер бөлімінде көрсетілген. Зерттеу нәтижелері диаграмма түрінде пайыздық көрсеткішпен сипатталды (5 - сурет).



5 - сурет. Сауалнама жауаптарының интерпретациясы

Берілген диаграммада тек бірқатар жауаптардың көрсеткіштері берілді, яғни мұғалімдердің 95 % түрлі жағдайларда (өмірде, өз сыныбында) ерекше қажеттілігі бар балаларды кездестірген. Сондай-ақ негізгі сезімдерінің жағымды екенін көреміз (75 %), бастауыш сынып мұғалімдерінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен қарым-қатынас тәжірибесі бар (50%), сауалнама барысында жазылған ашық жауаптардан байқағанымыз ол нақты сынып, яғни кәсіби іс-әрекет жағдайында болған қарым-қатынас. Сонымен қатар келесі сұраққа сай қарым-қатынас кезінде кәсіби іс-әрекет кезінде, өз сабағын ұйымдастыру, уақыт жетіспеушілігі, арнайы жеке бағдарламаларға уақыттың аз бөлінуі деген сияқты жауаптар болды (70%). Келесі сұрақ жауаптарын талдау кезінде біз мұғалімдерді инклюзивті саясат, инклюзивті мәдениет деген ұғымдарға мән беруін атап өткіміз келеді. Яғни жалпы бастауыш сынып мұғалімдерінде қоғамның ерекше қажеттілігі бар балаға жағдай жасау, құқығын қорғау, барлық мәдени ережелердің сақталуы керек екендігі туралы түсінік бар. Сонымен қатар әр баланың білім алу арқылы қоғамға әлеуметтену қажеттілігін атап өткен (50%). Осының жалғасы ретінде берілген алтыншы сұраққа жауап, яғни елімізде ерекше білім беруді қажет ететін баланың толық құқығы қорғалуының болуын атап өтіп, бастауыш сынып мұғалімдері мектеп, өз сыныбының аясында жауап бере алған, яғни білім алуына сыныпта толыққанды жағдай жасалуының деңгейін орташа деп көрсеткен (90%). Аталған көрсеткіштің салыстырмалы түрде төмен болмауы оның жалпы алғанда жеткілікті жақсы деңгейде екенін көрсетеді деуге негіз болады.

Талқылау

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бастауыш сынып мұғалімдерінің инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби көзқарасы мен тәжірибесіне қатысты маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Мұғалімдердің ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түрлі жағдайларда кездескенін көрсетті. Бұл олардың инклюзивті ортаға бейімділігі мен мұндай

оқушылармен жұмыс жасауда белгілі бір деңгейде дайын екендігін білдіреді.

Сезімдік қабылдаудың да оң болуы мұғалімдердің ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға деген жалпы оң көзқарасын растайды. Бұл, өз кезегінде, олардың кәсіби іс-әрекет барысында инклюзивті қағидаларды ұстануға бейімділігін көрсетеді. Мұғалімдердің ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен нақты сынып жағдайында, яғни кәсіби ортада қарым-қатынас тәжірибесі бар екенін білдірген. Ашық жауаптарда мұндай тәжірибе негізінен сабақ ұйымдастыру, уақыттың шектеулігі және арнайы жеке білім беру бағдарламаларын іске асыру қиындықтарымен байланысты екендігі атап өтілді.

Бұл мәліметтер инклюзивті білім берудің практикалық деңгейде іске асуы белгілі бір ұйымдастырушылық және әдістемелік кедергілерге тап болатынын көрсетеді. Яғни, мұғалімдер ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеуге ниетті болғанымен, оларға қолайлы жағдай құра алмауы, уақыт пен қажетті әдістемелік, білім қорының шектеулілігі бұл үдерістің толық жүзеге асуына кедергі келтіретінін көрсетті.

Зерттеу кезінде мұғалімдердің «инклюзивті саясат», «инклюзивті мәдениет» секілді ұғымдарға мән беріп, бұл бағыттағы негізгі құндылықтарды (құқықтарды қорғау, мәдени ережелерді сақтау, тең білім беру қажеттіліктерін қамтамасыз ету) түсінетіндігін көрсетті. Бұл қоғамда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың толық әлеуметтенуіне жағдай жасау қажеттілігі туралы түсініктің бар екенін білдіреді.

Сонымен қатар, мұғалімдер елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтары заң жүзінде қорғалғанын атап өте, өз сыныптарының деңгейінде толыққанды инклюзивті жағдай жасау тек орташа деңгейде деп бағаланған. Бұл көрсеткіштің салыстырмалы түрде жоғары болуы — білім беру мекемелерінде инклюзивті практиканың қалыптасып келе жатқанын, бірақ әлі де жүйелі түрде

қолдауды қажет ететінін айғақтайды.

Бастауыш сынып мұғалімдері инклюзивті білім беру ұстанымдарын түсініп, оны қолдауға дайын екендігін, дегенмен нақты іске асыруда түрлі шектеулер мен қиындықтар бар екенін көрсетті. Осы негізде, педагогтардың кәсіби дамуындағы инклюзивті бағыттағы даярлықты күшейту, әдістемелік қолдауды жетілдіру және мектептерде қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асырудың маңызды алғышарттары бола алады. Осы негізде, инклюзивті білім беру ортасын сапалы қамтамасыз етуде, «Blended learning» мүмкіндіктерін бағалау – дәстүрлі білім беру мен сандық білім беру ресурстарын қатар қолдануға мүмкіндік беретін тиімді балама бола алады. Веб-орта артықшылықтарын тұлғалық қарым-қатынаспен ұштастыра отырып, білім берудің тиімділігін арттыруға болатынын дәлелдеген. Бастауыш сыныптарда көрнекі материалдарды тиімді пайдалану кезінде «Blended learning» нәтижелілігі жоғары болатыны, яғни визуалды элементтер мен сандық құралдарды қолдану оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, оқу процесін жеңіл әрі тиімді етеді [13].

Мұндай тәсіл оқушылардың шынайы өмірлік жағдаяттарға бейімделуіне қажетті дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Атап айтқанда, зерттеу жүргізу қабілеті, өзіндік білім алу және белсенділік таныту, ішкі мотивацияны арттыру, саналы шешім қабылдау, жауапкершілікті сезіну, компьютерлік сауаттылық пен сыни ойлауды жетілдіру мүмкін болады. Осы арқылы білім алушының жан-жақты дамуына жағдай жасалады деп көрсеткен [14]. Бұл орайда, болашақ қалыптастыру деңгейін ұйымдастыруда маңызы айқын. «Blended learning» технологиясы, оқытудың күрделі түрі, ол дәстүрлі оқыту мен оқушының жеке жобаларын басқарудан, оқу ынтасын арттыру мен өзге формадағы іс-әрекеттерге тартудағы тиімді тәсіл ретінде анықтап, оқушылар бойындағы жағымды дағдыларды дамытуға әсерін негіздей аламыз, технологиялық білім, технологиялық тәжірибе, өз-өзіне сенімділік, өзіндік тәртіп, оқыту стилінің әртүрлілігі, оқыту

үдерісіне жауапкершілік сезіну пайда болады. Мұғалімнің сандық технологиялар саласындағы біліктілігінің артуы оның оқыту стилін әртараптандыруға, білім беру мазмұнының сапасын жетілдіруге, жан-жақты кәсіби дамуына, тиімді кері байланыс ұйымдастыруға, онлайн оқыту форматын меңгеруге, сондай-ақ ақпарат пен педагогикалық қарым-қатынастың сапасын басқаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ заманауи білім беру жүйесіне қойылатын талаптарға сай оқу үдерісінің технологиялық мүмкіндіктерін арттыру, яғни ыңғайлы интерфейс пен техникалық қамтамасыз етудің кең көлемде болуы.

Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары арасында позитивті қарым-қатынасты қалыптастыруда «Blended learning» технологиясын қолдану келесідей ұтымды ұстанымдарды ұстануға мүмкіндік береді:

- **біріділік** оқушылар өз бетімен қажетті ақпаратпен танысып, одан мұғалім тарапынан қажетті түсіндірмелі жұмыстары жүріп, содан соң игерілген білім мен білік тәжірибеде қолдана алады;
- **көрнекілік** сандық технологиялар әр тақырып, әр пән (бастауыш деңгейінде аса құнды), әр білім алушы қажеттілігін ескеріп білім беру мазмұнын құруға мүмкіндік береді. Сандық ақпарат ерекшелігі, бұл материалдар үнемі қолжетімді және тиімді түрде бір реттілікпен жинақталып беріледі;
- **тәжірибеде қолданылуы** жаңа білімді бекіту үшін тәжірибе қажет, аралас оқыту кезінде оқушылар бірлесіп тапсырманы сыныпта, сондай-ақ онлайн негізде орындай алады. Дәстүрлі сабақ барысында жеке дербес тапсырма орындау мен топтық түрде тапсырма орындау алма кезек іске асады;
- **үздіксіздік** оқушылардың үнемі оқу үдерісіне ынтасының төмендемеуі, қызығушылық үнемі болуы аса маңызды, өйткені ол қажетті нәтиженің төмендеуіне әсері бар. Онлайн білім алу мүмкіндігінің болуы түрлі жағдайға сай оқуға мүмкіндік береді.
- **демеу** интеграцияланған білім беру

үдерісінде оқушы кері байланысты кез-келген уақытта ұтымды түрде ала алады. Ол қажетті көмек пен ақпараттың уақытпен шектелмеген қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

«Blended learning» технологиясы ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың қолайлы ортасын қамтамасыз етеді.

Қорытынды

Ғылыми зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, «Blended learning» технологиясы бастауыш сынып оқушылары бойында өзіндік білім алу дағдысын қалыптастыруға әсері бар, технологияның қарастырылған модельдері оқу тиімділігіне, оқуға деген позитивті қатынасты қалыптастыруға, бастауыш сынып оқушылары арасында өзара әрекеттестік түрлерінің санын арттырып, өзара көмек пен демеу арқылы қалыпты нәтижелерге жету мүмкіндігін береді. Анықтау деңгейінде алынған нәтижелер бойынша, бастауыш сынып мұғалімдерінің инклюзивті білім беру ортасы туралы жалпы көзқарастары қалыптасқанын, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар туралы түсінік бар екенін, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін жайлы және қолжетімді, сапалы біліммен қамтамасыз ету шарттарымен таныс екенін, бастауыш сынып балалары арасындағы қарым-қатынас барысындағы позитивтілікті арттыру үшін негізгі шарттармен таныс екенін айқын көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушылары арасындағы зерттеуде, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың толық деңгейде оқу ортасында өздерін жайлы сезінуі төмен екенін, сыныптастары арасындағы жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру қажеттілігі бар екенін анықтадық. Ол дегеніміз болашақ зерттеулерде қарым-қатынасты қалыптастыру әдістемесін құрастыру қажеттілігі бар, сондай-ақ бұл зерттеу оның алғашқы деңгейі екенін көрсетеді. Бұл зерттеу барысында айқындалған негізгі алғышарттар арқылы, болашақ педагогикалық эксперименттің келесі деңгейлері, қалыптастыру эксперименті мен бақылау

эксперименті, арасындағы салыстырмалы сандық және сапалық көрсеткіштердің сипаттауға алғашқы қадам сипаттамасы.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті BR21882231 «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде инклюзивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етудің тұжырымдамалық моделі» (2023-2025 жж.) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы жобасы аясында жүргізілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы : Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. – Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. – Нұр-Сұлтан, 2022. – Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
2. Қазақстан Республикасы. Президенті. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы. – Астана, 2024.
3. **Залунин, А.Е.** Смешанное обучение английскому языку в общеобразовательной школе на начальном этапе обучения (2-5 класс) // Kant. 2022. №1 (42). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/smешannoe-obucheniye-angliyskomu-yazyku-v-obscheobrazovatelnoy-shkole-na-nachalnom-etape-obucheniya-2-5-klass> (дата обращения: 18.06.2025).
4. **Абраменко, Е.В.** Система позитивных отношений как позиция счастливого человека в младшем школьном возрасте // Известия ВГПУ. 2011. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sistema-pozitivnyh-otnosheniy-kak-pozitsiya-schastlivogo-cheloveka-v-mladshem-shkolnom-vozraste> (дата обращения: 18.06.2025).
5. **Исакович А. П.** Трактовка термина «смешанное обучение» с точки зрения технологического и содержательного подходов: теоретический обзор // Педагогика. Вопросы теории и практики. – 2023. – № 6. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/traktovka-termina-smeshannoe-obucheniye-s-tochki-zreniya-tehnologicheskogo-i-soderzhatelnogo-podhodov-teoreticheskij-obzor>
6. **Блинов, В. И., Есенина, Е. Ю., Сергеев, И. С.** Модели смешанного обучения: организационно-ди-

- дактическая типология // Высшее образование в России. – 2021. – № 5. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/modeli-smeshannogo-obucheniya-organizatsionno-didakticheskaya-tipologiya>
7. **Kashefi, H., Ismail, Z., Yusof, Y. M.** Students' difficulties in multivariable calculus through mathematical thinking approach // *Journal of Edupres*. – 2011. – V. 1. – P. 77–86. URL: https://www.academia.edu/60366740/Students_Difficulties_In_Multivariable_Calculus_Through_Mathematical_Thinking_Approach
 8. **Mazohl, P., Makl, H.** Blended learning Quality – Concepts Optimized for Adult Education // *Peter Mazohl*. – 2017. – P. 23–37.
 9. **Huertas, E., Biscan, I., Ejsing, C., Kerber L., Kozłowska, L., Marcos Ortega S., Lauri, L., Risse, M., Schörg, K., Seppmann, G.** Considerations for quality assurance of e learning provision. Report from the ENQA Working Group VIII on quality assurance and e learning // *Occasional Papers*. – 2018. – № 26. – P. 27.
 10. **Гончарова, Н.А., Гончарова, М.А., Фандеева, Д.А.** Информационные и коммуникационные технологии в развитии инклюзивного образования в новых социально-экономических условиях // *Научный альманах*. – 2015. – № 11–2. – С. 104–107.
 11. **Unger, M., Zaussinger, S.** The New Student: Flexible Learning Paths and Future Learning Environments; Conference Background Paper. The New Student: Flexible Learning Paths and Future Learning Environments, 20. - 21. September 2018, FH Wien der WKW. 39 p. URL: [Background Paper](#)
 12. **Staker, H., Horn, M.B.** Classifying K-12 blended learning // *Innosight institute*. – 2012. – P. 1-17 URL: <http://www.christenseninstitute.org/wp-content/uploads/2013/04/Classifying-K-12-blended-learning.pdf>.
 13. **Alsahhi, N., Eltahir, M. E., Qatawneh, S.** The effect of blended learning on the achievement of ninth grade students in science and their attitudes towards its use // *Heliyon*. – 2019. – T. 5. – № e02424. – DOI: 10.1016/j.heliyon.2019.e02424.
 14. **Kundu, A., Bej, T.** Time to Achieve: Implementing Blended Learning Routines in an Indian Elementary Classroom // *Journal of Educational Technology Systems*. – 2020. – DOI: 10.1177/0047239520984406.
 2. **Qazaqstan Respublikasyń 2029 jylǵa deıngı ulttyq damý josparyn bekıtu jıne Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń keybir jarlyqtarynyń kúsi joılydy dep tanu turaly** [On the Approval of the National Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2029 and the Recognition that Certain Decrees of the President of the Republic of Kazakhstan Have Lost Their Force]: Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2024 jylǵy 30 şildegedegi № 611 Jarlyǵy. – Astana, 2024. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2400000611>
 3. **Zalunin, A.E.** Smeshannoe obuchenie angliyskomu yazyku v obshcheobrazovatel'noy shkole na nachal'nom etape obucheniya (2–5 klass) [Blended Learning of English in General Education Schools at the Primary Stage (Grades 2–5)] // *Kant*. 2022. №1 (42). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/smshannoe-obuchenie-angliyskomu-yazyku-v-obsheobrazovatelnoy-shkole-na-nachalnom-etape-obucheniya-2-5-klass> (data obrashcheniya: 18.06.2025).
 4. **Abramenko, E.V.** Sistema pozitivnykh otnosheniy kak pozitsiya schastlivogo cheloveka v mladshem shkol'nom vozraste [The System of Positive Relationships as a Position of a Happy Person in Primary School Age] // *Izvestiya VGPU*. 2011. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sistema-pozitivnyh-otnosheniy-kak-pozitsiya-schastlivogo-cheloveka-v-mladshem-shkolnom-vozraste> (data obrashcheniya: 18.06.2025).
 5. **Isakovich, A. P.** Traktovka termina "smeshannoe obucheniye" s tochki zreniya tekhnologicheskogo i soderzhatel'nogo podkhodov: teoreticheskiy obzor [Interpretation of the Term 'Blended Learning' from the Technological and Content Approaches: A Theoretical Review] // *Pedagogika. Voprosy teorii i praktiki*. – 2023. – № 6. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/traktovka-termina-smeshannoe-obuchenie-s-tochki-zreniya-tehnologicheskogo-i-soderzhatelnogo-podkhodov-teoreticheskiy-obzor>
 6. **Blinov, V. I., Esenina, E. Yu., Sergeev, I. S.** Modeli smeshannogo obucheniya: organizatsionno-didakticheskaya tipologiya [Models of blended learning: Organizational and didactic typology] // *Vysshee obrazovanie v Rossii*. – 2021. – № 5. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/modeli-smeshannogo-obucheniya-organizatsionno-didakticheskaya-tipologiya>
 7. **Kashefi, H., Ismail, Z., Yusof, Y. M.** Students' difficulties in multivariable calculus through mathematical thinking approach // *Journal of Edupres*. – 2011. – V. 1. – P. 77–86. URL: https://www.academia.edu/60366740/Students_Difficulties_In_Multivariable_Calculus_Through_Mathematical_Thinking_Approach
 8. **Mazohl, P., Makl, H.** Blended learning Quality – Concepts Optimized for Adult Education // *Peter Mazohl*. – 2017. – P. 23–37.
 9. **Huertas, E., Biscan, I., Ejsing, C., Kerber L., Kozłowska, L., Marcos Ortega S., Lauri, L., Risse, M., Schörg, K., Seppmann, G.** Considerations for quality assurance of e learning provision. Report from the ENQA Working Group VIII on quality assurance and e learning // *Occasional Papers*. – 2018. – № 26. – P. 27.

References

1. Mektepke deıngı tärбие men oqıtuıdyń, bastaıysh, negizgi orta, jalpy orta, texnikalyq jıne kásiptik, orta bilimnen keyingi bilim berýdin memlekettik jalpyǵa mindetti standarttaryn bekıtu turaly [On the Approval of the State Mandatory Standards of Preschool Education and Training, Primary, Basic Secondary, General Secondary, Technical and Vocational, and Post-secondary Education]: Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministriniń 2022 jylǵy 3 tamyzdaǵy № 348 buıryǵy. – Ádilemın ministriginde 2022 jylǵy 5 tamyzda № 29031 bolyp tirkeldi. – Núr-Sultan, 2022. – Access: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

10. **Goncharova, N.A., Goncharova, M.A., Fandeeva, D.A.** Informatsionnye i kommunikatsionnye tekhnologii v razvitii inkluzivnogo obrazovaniya v novykh social'no-ekonomicheskikh usloviyakh // Nauchniy al'manakh. – 2015. – № 11–2. – S. 104–107.
11. **Unger, M., Zaussinger, S.** The New Student: Flexible Learning Paths and Future Learning Environments; Conference Background Paper. The New Student: Flexible Learning Paths and Future Learning Environments, 20. - 21. September 2018, FH Wien der WKW. 39 p. URL: Background Paper
12. **Staker, H., Horn, M.B.** Classifying K-12 blended learning // Innosight institute. – 2012. – P. 1-17 URL: <http://www.christenseninstitute.org/wp-content/uploads/2013/04/Classifying-K-12-blended-learning.pdf>.
13. **Alsalihi, N., Eltahir, M. E., Qatawneh, S.** The effect of blended learning on the achievement of ninth grade students in science and their attitudes towards its use // Heliyon. – 2019. – T. 5. – № e02424. – DOI: 10.1016/j.heliyon.2019.e02424.
14. **Kundu, A., Bej, T.** Time to Achieve: Implementing Blended Learning Routines in an Indian Elementary Classroom // Journal of Educational Technology Systems. – 2020. – DOI: 10.1177/0047239520984406.

Технология «Blended learning» в формировании позитивных взаимоотношений между детьми начальной школы

Г.К. Ахметова¹, Л.А. Бутабаева², А.Н. Умирбекова^{*3}, А.Ж. Шокпаров⁴

^{1,3} Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

г. Алматы, Республика Казахстан

² Национальная академия образования имени И. Алтынсарина

г. Астана, Республика Казахстан

⁴ Международный университет туризма и гостеприимства,

г. Туркестан, Республика Казахстан



Аннотация. В данном научном исследовании рассматриваются возможности технологии «Blended learning» в контексте инклюзивного образования для формирования позитивных взаимоотношений среди учащихся начальных классов. В ходе исследования был проведен анализ понятия «Blended learning», а также рассмотрены теоретические и прикладные основы его эффективных моделей (смешанная модель, гибкая модель, дополнительная модель, модель онлайн-опыта и таксономия «Blended learning»). Особое внимание уделено влиянию ключевых принципов технологии «Blended learning» на создание комфортной и доступной образовательной среды на уровне начальной школы, а также ее возможностям как основного условия образовательного пространства. Формирование позитивных взаимоотношений между учащимися начальных классов рассматривалось в аспекте детей с особыми образовательными потребностями. В этом контексте исследование охватывало необходимость соблюдения соответствующих условий и требований, учитывающих психологические и индивидуальные особенности детей. Также в исследовании анализировалось отношение учителей начальных классов к обучающимся с особыми образовательными потребностями, включая их эмоциональное восприятие, опыт взаимодействия, сложности в общении, а также особенности понимания и принятия таких детей в образовательной среде. Исследование проводилось среди учащихся начальных классов с использованием специальных методик рисования, а среди учителей начальных классов — посредством анкетирования с помощью формы Google. В исследовании приняли участие 108 учителей начальных классов и 17 учащихся начальных классов. Результаты исследования были проанализированы как в количественном, так и в качественных аспектах, на основе которых сформулированы конкретные выводы и рекомендации.



Ключевые слова: технология «Blended learning», ученик начальных классов, позитивное взаимодействие, дети с особыми образовательными потребностями, доступная среда.

The "Blended learning" technology in the formation of positive relationships among primary school children

G.K. Akhmetova ¹, L.A. Butabaeva ², A.N. Umirbekova*³, A.Zh. Shokparov⁴

^{1,3} Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Almaty, Republic of Kazakhstan

² National Academy of Education named after Y. Altynsarin

Astana, Republic of Kazakhstan

⁴ International University of Tourism and Hospitality,

Turkistan, Republic of Kazakhstan



Abstract. This scientific study examines the potential of the "Blended Learning" technology in the context of inclusive education for fostering positive relationships among primary school students. During the research, an analysis of the concept of "Blended Learning" was conducted, along with a review of the theoretical and applied foundations of its effective models (blended model, flexible model, supplementary model, online experience model, and the taxonomy of "Blended Learning"). Special attention was given to the impact of the key principles of "Blended Learning" technology on creating a comfortable and accessible educational environment at the primary school level, as well as its potential as a fundamental condition for the educational space. The formation of positive relationships among primary school students was considered in the context of children with special educational needs. In this regard, the study covered the necessity of adhering to relevant conditions and requirements that take into account the psychological and individual characteristics of children. Additionally, the research analyzed the attitudes of primary school teachers toward students with special educational needs, including their emotional perception, interaction experience, communication challenges, as well as the specifics of understanding and accepting such children in the educational environment. The study was conducted among primary school students using specialized drawing techniques, and among primary school teachers through a questionnaire administered via Google Forms. A total of 108 primary school teachers and 17 primary school students participated in the study. The study results were analyzed both quantitatively and qualitatively, leading to the formulation of concrete conclusions and recommendations.



Keywords: Blended learning technology, primary school student, positive interaction, children with special educational needs, accessible environment.

Материал баспаға 26.02.2025 келіп түсті